



Мөлдір сана

Баспада 2007 жылдың қаңтар айынан бастап Облыстық қоғамдық - әдеби газет
№6-7 (417-418)14-21 ақпан 2021 жыл Әр аптаның жексенбісі шығады

Газет ұраны

Ой-сана

Ақылдың телегей көнші,
Жаралған адамзат
ғаламат.
Адамзат-сананың жемісі,
Ойласаң, болмысы ғажап-
ақ!

Бұл өмір берілді сен үшін,
Сынақ ол-жылт өтер сәт
қана.
Келдің сен тірлікке не үшін,
Арпалыс, таяқ жөп жатсаң
да...

Оятып сананы, тазарып,
Болайық шынайы азамат.
Көрмейік фәнидің азабын,
Өтейік рухты тазалап.

Бар ізгі ниеттер шындықта,
Шын деген-өзіңнің өмірің.
Сақтасын Жаратқан
сұмдықтан,
Ой-санаң жетелер, сенімің.

Көркейт сен, өліңді, жолын
тап,
Таза адам-қандасың,
бауырың.
Адамдық парызы орында,
Талғамай жеңіл мен
ауырың.

Шын деген-батқан күн,
атқан таң,
Өтпелі өмірің жай ғана.
Ақ тірлік кешуден жасқанба,
Жол табар беріне ой-сана!

Ауған соғысы ардагерлерінің 32 жылдығына *Ауған соғысындағы Аяғөздіктер*

Сонау 1941-45 жылдардағы
Ұлы Отан соғысының
сұрапыл жалынында Отан
қорғап, ортақ «Кеңестер
Одағы» деп аталған
ұланғайыр елі мен жері үшін
мөрт болған майдангерлер
туралы барынша айтылып,
отансүйгіштік пен
патриоттықты ұрпақ бойына

сіңіре білдік. Тәуелсіздік
қарсаңында, одан кейін
қазақ даласын сыртқы
жаудан қорғаған Кеңес
заманында көп айтылмаған
қаһарман батырларымызды
шыңдап насихаттап
жатырмыз.
Кеңес заманында он
жылдай интернационалдық

борышын орындап, атқа
адалдық танытып, ерлік
үлгісін көрсеткен Ауған
соғысының ерлері мен
қатысушыларын да көлер
ұрпақ рухын ояту үшін
насихаттап келеміз. Бірақ, ол
өлі де аздық өтетін сияқты.
Өткен ғасырдың 70-80 –
ші жылдарындағы алапат

соғыс техникаларының
қатысуымен болған
ұрыстарда өзінің
жауынгерлік борышын
биік дәрежеде орындап,
асқан ерлік көрсеткен
батырларымыз бен
ерлеріміз қаншама?!
Осы 32 жыл ішінде
Ауған соғысына қатысқан



(Жалғасы 2 -ші бетте)

4 бет
Ел жаңалықтары



10 бет
Редакция почтасы



11 бет
Біздің даңқты
жерлеріміз



5-6-7-8 беттер
Тәуелсіздіктің құдіретті
тұғыры



10 бет
Редакция почтасы



15 бет
Аяғөз інжу-маржандары



Бар әлемге сәуле
шапса ғажап Күн,
Жаңа тыныс алып келер
таң күліп.
Олай болса, алтын
жүрек Қазақтың,
Таң басынан Күн шығуы
заңдылық!

Жарып шығып тас түнегін
азаптың,
Шаңырақтан нұр
сауласа, таң болып,
Әз дүниеге ғашық болған
Қазақтың,

Заңдылық

Киіз үйді сүюі де
заңдылық!
Арасынан соғыс пенен
таластың,
Жеңімпаз боп шығатуғын
пан болып.
Тұлпар мінез, сұңқар
болмыс Алаштың,
Пырақтарын пір тұтуы
заңдылық!

Ой найзасын
жарқылатса жасын қып.
Бір түйір сөз
жарқырайтын шам
болып.
Үйлесімді табиғатқа
ғашық ұлт,
Гүлді өрнекті сүюі де
заңдылық!

Киесіндеі бақып пенен
азаптың,
Төбесінде жайнап тұрса
сам тұнып.
Төңірісін сүйетұғын
қазақтың,
Зенгір көкті сүюі де
заңдылық!

Күнді күткен мекен өтіп
таң астын,
Көкейінде «дербес!» сөзі
жаңғырып.

Періштеге ғашық болған
Алаштың,
Қыран құсты сүюі де
заңдылық!

Шаһарларын абат
қылып, жасыл қып,
Келешекке көш түзеген
мәңгілік.
Көктегенді көкспеп жүрген
асыл ұлт,
Аспан түсін таңдағаны
заңдылық!

Құрсауында мың
бұлқынып тозақтың,
Бас алаңды
желтоқсанда қан қылып.
Жамандыққа жаны бөтен
қазақтың,
Аман калып, өсуі де
заңдылық!

Алты құрлық, сан
көршіммен жарастым,
Бәрі маған бас
шайқайды таң калып.
Жеңімпаздық тарихы да
Алаштың,
Қайтанып келуі де
заңдылық!

Ақберен Елгезек, ақын

Ескерту! Газетіміздің келесі саны наурыз айының 8-і күні екі саны біріктіріліп шығарылады

